

Құрылыс индустриясы — құрылыс нысандарын жаңадан салу, ұлғайту, жаңғырту, күрделі жөндеуден өткізу, құрал-жабдықтар орнату, құрастыру жұмыстарын индустриялық әдіспен жүзеге асыратын құрылыс-құрастыру ұйымдарының жиынтығы.


Құрылыс индустриясының пайда болуы қоғамдық еңбек бөлінісінің өсуіне, өнеркәсіптің, қалалардың, қатынас жолдарының, сауданың дамуына байланысты болды.

Қазақстанда Құрылыс индустриясы құрылыстың жедел қарқынмен дамуы және үнемі жетілдірілуі нәтижесінде қамтамасыз етілді. Мердігерлік тәсіл құрылысты жүргізудің басты түріне айналып Құрылыс индустриясын дамытуды едәуір жеделдетті.

Ел экономикасы үшін құрылыс саласы айтарлықтай маңызды рөл ойнайды.


Құрылыс саласының дамуына ықпал ететін факторлар бірнеше себептерден тұрады. Қазіргі таңда шығарған тауарымен ішкі сұранысты ғана қамтып қоймай, өнімді сыртқа шығарып жатқандар да бар.

Елде әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартып, халықтың үй сатып алатындай жағдайының болуы.



Құрылыс материалдар өндірісін дамыту арқылы әлемдік бәсекеге шығу. Елдегі ішкі сұранысты ғана қамтып қоймай, өнімді сырқы елдерге шығару арқылы, мемлекет әл-ауқатын жақсарту.

ОРЫНДАЛҒАН ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, МЛН. ТГ



ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, "құрылыс" қызметінің түрі бойынша орындалатын жұмыстардың жыл сайынғы көлемі 2016 жылдан 2019 жылға дейін 2 667 млрд теңгеден 3 258 млрд теңгеге дейін өсіп, тұрақты өсу динамикасын көрсетті.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің құрамына:

Минералдық шикізат өндіру;

Ұстастыратын материалдар өндірісі
(цемент, әктас, гипс)

Үйлер мен құрылыстар салуға керекті
қабырғалық материалдар өндірісі
(бетон, темірбетон, кірпіш)



Тәуелсіздік жылдары
Қазақстанның құрылыс
индустриясын қарқыны артты.
Саланың дамуына бірінші
кезекте Индустрияландыру
және «Нұрлы жол»
бағдарламасы ықпал етті.




Индустрияландырудың алғашқы бесжылдығының өзінде отандық құрылыс материалдарын өндіру 2 есеге артты. Ал қазір құрылыс материалдарының 64,1% еліміздің өзінде шығарылады.

«Нұрлы жол» бағдарламасының арқасында құрылыс саласына қомақты инвестиция тартылды. Қазіргі таңда құрылыс материалдарын өндіретін өндірістер көбеюде.



тұрғын үй құрылысына инвестициялар. Млн.тг



Осы өндірістердің барлығы Қазақстанның құрылыс индустриясы жеткілікті мөлшерде қуатты екенін дәлелдейді. Индустрияландыру және Нұрлы жол бағдарламаларын іске асырудың нәтижесінде елімізде ішкі сұранысты қанағаттандыруға, импортты алмастыруға және экспортқа шығаруға бағытталған кәсіпорындар ашылып, жұмысы ілгері басты. Аталған қос бағдарламаның ел экономикасына мультипликативтік әсерінің көрінісі осындай.

